

АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ

МИНИСТЕРСТВО ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



МАТЕРИАЛЫ  
I ФОРУМА РЕЛИГИОВЕДОВ  
КАЗАХСТАНА

Астана - 2012

**АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ**

**МИНИСТЕРСТВО ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СБОРНИК  
МАТЕРИАЛОВ I ФОРУМА РЕЛИГИОВЕДОВ КАЗАХСТАН**

**АСТАНА  
2012**

<b>Джумабаев Н. М., Нурбаев Ж.Е., Федорова Л.Н.,</b> История Русской православной церкви в Костанайской области.....	307
<b>Жолдасов С., Әбубәкіров С.С.,</b> Еліміздегі діни ағымдар және олардан жастарымызды сақтандырудың кейбір мәселелері.....	313
<b>Қасымхан қажы Абдуллаұлы,</b> Ислам – қайырымдылық және ынтымақ діні.....	316
<b>Исмұхамбетова Д.Ж.,</b> К вопросу о воспитании молодежи.....	319
<b>Койшигарина Г.М.,</b> О влиянии деструктивных религиозных объединений на человека.....	321
<b>Тажобаев Ж.,</b> О некоторых вопросах воспитания молодого поколения.....	325
<b>Мырзаев Т.,</b> Ұлттық салт – дәстүріміздің шарият қағидаларымен сабақтастығы.....	327
<b>Омаров А.,</b> Рухани-діни білім берудің түйткілді әселелері.....	331
<b>Сатанов А.Б.,</b> Қарағанды облысындағы жастар өміріндегі діннің орны (2000-2010 жж.).....	333
<b>Төлепбергенов Ғ.М.,</b> Хиджаптың түбінде не жатыр? немесе исламның саясилануының Қазақстанға әсері қандай болуы мүмкін?.....	338
<b>Шлымова Г.Е.,</b> Толерантность в межконфессиональных отношениях как фактор противодействия экстремизму в условиях социальной модернизации казахстанского общества.....	341
<b>Шоманов Б. Ш.,</b> Ислам және салт-дәстүр (аль-’Урф) үндестіктер мен қайшылықта).....	346

#### РАЗДЕЛ 4

<b>III СЕКЦИЯ</b> <b>РЕЛИГИЯ И ОБРАЗОВАНИЕ.....</b>	<b>350</b>
<b>Арипов Н.К.,</b> Модернизация религиозного образования в Кыргызстане.....	351
<b>Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ.,</b> Қазақстандағы қазіргі діни жағдайдағы дінтану пәнін оқытудың өзекті мәселелері.....	355
<b>Билялов С.А.,</b> Религиозное образование в Казахстане.....	358

<b>Бондаренко Ю.Я.,</b> О проблемах и возможностях изучения религиоведения в современных условиях.....	360
<b>Гуттенлохер О.П.,</b> Перспективы религиоведческого просвещения в сохранении мира и стабильности государства.....	364
<b>Дадырова А.А.,</b> Религия и образование молодежи в Республике Казахстан.....	369
<b>Данысбекова К. Б.,</b> Қазақстандағы діни білім беру: қазіргі кезең және болашағы.....	372
<b>Джумабаев Н.М.,</b> От устоев справедливости и нравственности – к духовной культуре.....	374
<b>Дүйсебаева М. Ж.,</b> Жастар тәрбиесіндегі басты мақсат - ұлтаралық келісім.....	377
<b>Әмірғазин С.Т.,</b> Діни білімнің мақсаты: тұрақтылық пен тұтастық.....	378
<b>Жакиев Т.,</b> Ислам дінінің ғылымға деген ұстанымы.....	382
<b>Занқоев Қ.,</b> Ғылым – алланың сипаты, шынайы діннің кепілі.....	385
<b>Идрисова С.Қ.,</b> Оқушыларды тәрбиелеудегі діннің маңызы.....	388
<b>Кенжетәев Д. Т.,</b> Діни білім мен таным негіздері және зайырлылық.....	389
<b>Қожамберлиев Б.,</b> Діннің ғылыми негіздемесі.....	397
<b>Колчигин С.,</b> Как возможно религиоведение?.....	400
<b>Қондыбай қажы Серікбайұлы,</b> Бүгінгі ғылым саласында діни деректер мен ғылыми жаңалықтардың үйлесім табуы.....	402
<b>Құрманалиева А.Д.,</b> Дінтану пәні мен дінтанушы маман – қоғам қажеттілігі.....	404
<b>Мынжанова С.Ш.,</b> Воспитание гуманизма как ценностной основы на уроках религиоведения.....	407
<b>Бейбіт қажы Мырзагелдиев,</b> Дінтанушы мамандығының қажеттігі – бүгінгі заман талабы.....	409
<b>Повеквечнова С.А.,</b> Проблемы преподавания курса «основы религиоведения» в 9 классе.....	411

жаратылысы жөнінде жаңаша зерттеу жүргізген Кейт Моррдың ашқан жаңалығы Құран Кәрімде баяндалып қойған. Тағы бір таң қаларлық нәрсе барлық ғылымның басында Құран тұр. Яғни, ғылымның атасы Құран деуге толық негіз бар. Бұл жөнінде қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаев:

«Дін – ғылымның анасы,

Дін – ғылымның көкесі.

Ғылым – діннің баласы,

Ғылым – діннің бөпесі», - деп өте тамаша жырлап кеткен.

Қазіргі кезде мұсылман елдерінің ғылыми дамуы мен өркениетте кенжелеп қалғаны жасырын емес. Бірақ мұсылмандардың мұндай артта қалушылығын бір жақты діни білім қуып кетуімен не басқаша жолдармен байланыстыруға болмайды. Оған бәлкім мұсылмандардың енжарлығы себеп болуы мүмкін. Ал Ислам діні ешқашан да, адамзатқа пайдалы ғылыммен қайшылыққа түскен емес.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. (Аударған Халифа Алтай)
2. Құран сөздерінің мазмұндық анықтамалығы. Батырбеков Ж./ - Алматы, 2011. – 208б.
3. Хұтпалар (Діни уағыз, насихаттар). Халифа Алтай. «Кітап» баспа үйі, Алматы, 2001. – 18-б.
4. Дін және Отан. Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі. – «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 28 бет.
5. «Иман нұры» (мақала) Б.Қалдаров «Ислам және Өркениет» газеті №21 (237), 21-шілде, 2011 ж. 4-б.
6. «Дініміздің насихатын күшейтуіміз керек» (мақала) С.Ораз. «Ислам және Өркениет» газеті №23 (239), 11-20 тамыз, 2011 ж. 6-б.
7. ҚМДБ. «Ислам ынтымақ пен бірлік жолында» 2006 ж. «Жетісу мұсылмандарының I құрылтайына 100 жыл» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: «Атамұра» 2008. – 208 бет.
8. Құран Кәрімдегі ғылыми негіздер. Таңдамалы хадистер (Мұхаммед (С.Ф.С.) пайғамбардың «Сахих» хадистері). – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2007. – 224б.
9. Бабалар сөзі. Жүз томдық т.2, Астана: «Фолиант» 2002. 145-бет.
10. Мұсылман ғалымдарының жетістіктері. (мақала) // «Ислам әлемі» №4-5, 2006 ж. 15б.
11. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы. 1995 ж. 74-75бб.
12. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия т.3., Алматы. 2001, 321-бет.
13. Хакім Абай. Ғ.Есім. Алматы. 1994 ж. 145-бет.
14. Қазақ даласының ойшылдары. Алматы. 1995 ж. 168-бет.
15. Балмағанбет Балқыбайұлы. I – том. Хадис-назым. – Алматы, «Алаш», 2005. – 288-бет.

#### ДІНТАНУ ПӘНІ МЕН ДІНТАНУШЫ МАМАН – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Құрманалиева А.Д.  
Аль-Фараби ат. ҚазҰУ  
Философия және саясаттану факультеті  
ғылым философия және дінтану  
кафедрасының профессоры  
Философия ғылымдарының докторы

Қазіргі кезде еліміздегі дінге сенушілер әр түрлі сенім жолын ұстануда. Бұрынғыдай ұлт пен діннің қатар айқындалуы бүгін мүмкін емес. Бұған дейін қазақ – мұсылман, орыс – христиан болуы тиіс секілді көрінсе, қазір бір ұлттың ішінен бірнеше дін өкілдерін табуға

болады. Көпшілік өз дәстүрлі ата-бабасы сенген сенімнен бас тартып, жаңа діни ұйымдарға кетіп жатыр. Әсіресе, қазақтар арасында кришнаиттер, протестанттар, иеговистер және т.с.с. жаңа діни ұйымдарға кетіп жатқандар көбейіп барады. Исламды ұстанғандар ішінен де көзқарастары келіспей, бірінікін бірі теріске шығарып жатқандар да бар. Жеті шелпек тарату, ата-баба мазарына барып, зиярат жасау, «хиджаб» кию секілді дау таласты мәселелер күнделікті өмірде жиі кездесіп жатады. Әсіресе, жастардың басқа діни ағымдарға кетуі ел болашағына нұқсан келтіретіні айдан анық. Өздерінің білім, ғылым іздеп, болашағына іргетас қалайтын шақтарында өз энергиясын болмашы жалған діндерге жіберулері алаңдатады. Егер олар адасқандықтарын сезініп, өз ортасына қайта орала алса – жақсы, оралмаса – қауіп сонда. Бұған қоса, оралу оңай шаруа емес екені де белгілі, себебі, жаңа діни ұйымдарға тартуда қолданылатын әдіс-амалдар ортаға келген адамның өз еркімен кете алмауын қамтамасыз ететіндей құрылған. Адамның санасы толықтай бағдарламаланып, өзге адамға айналдыруға күш салынған. Адам сектаға қалай тартылады, сектаға тарту үшін субъект қалай таңдалады, онымен қандай жұмыстар жүргізіледі, қарапайым пенде сенуші қатарынан діни пирамиданың шыңына қалай көтеріліп, ондағы көсемге қалай жақындауға болады және т.с.с. сауалдар бір қарағанда көпке мәлім емес мәселелер, себебі дінге тартылушы ол туралы ойланбайды: ол шынайы ақиқатты тапқандай болады. Ал шындығына келгенде бір қарағанда қарапайым көрінетін нәрсенің астында басқа елдің саяси, экономикалық мүдесі, қазақ жерін саудалау саясаты жатқанын көбісі ойлана бермейді. Сондықтан діни ізденіс кезінде таңдампаз болу керек. Осы орайда діни сауаттылық, діни сауаттылыққа іргетас болатын дінтану пәні аса қажетті болып отыр.

Дінтану Қазақстанда жаңа пән болып табылғанмен, қалыптасу тарихы тереңде жатыр. Бүгінгі қалыбындағы *дінтану пән ретінде XIX ғ. 60 ж.-ы* Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада қалыптасты. XVIII ғ. – XIX ғ. бірінші жартысында дін туралы жинақталған әр түрлі ғылым саласындағы нақты материалдар мен теориялық мәселелер жаңа **ғылым саласының** пайда болуына септесті. Бұл ғылым ағылшын тілді әдебиетте – «*Science of Religions*», француз тілінде – «*La Science de Religions*», неміс тілінде – «*Religionswissenschaft*» деген атаумен таныла бастады. Философия, антропология, этнология, археология, тіл білімі, салыстырмалы мифология, фольклористика және т.б. ғылымдар тоғысында пайда бола отырып, дінтану қайсыбір діни догматтардың апологиясын (теология), немесе дінді сынға алып отыруды (атеизм) көздемей, керісінше, әлем діндерін **бейтарап** зерттеуді мақсат етті.

Ресейде формальды түрде дінтанудың бастамасын тілдегі сәйкес терминнің пайда болуымен (1939, Э. Тайлордың «Алғашқы мәдениет» еңбегінің аудармасына жазған В.К. Никольскийдің алғысөзінде) және білім беру жүйесінде дінтанудың институализациясы болған кезеңмен байланыстырылады (1959, МГУ-дің философия факультетінде дін және атеизм тарихы мен теориясы кафедрасының ашылуы – алғашқы ресейлік дінтану кафедрасы) (П. Костылев).

Қазақстанда дінтанудың пән ретінде танымал бола бастауы кеңестік идеология құрдымға кеткен кезеңнен басталды. XX ғ. 90-жылдарынан бастап елімізде «ғылыми атеизмнен» дінтануға бет бұру басталды. Ендігі жерде діннің ғылыми және философиялық пайымдалуына басты назар аударылды. Бұл әлеуметтік сұраныстың нәтижесі болды және жаңа дәуірдің шындықтары тек қана діни сенім емес, сондай-ақ **дінтанулық білімнің** қажеттілігін көрсетті. Елімізде дінтану пәнінің мектеп бағдарламасына енгізілуі – осының тікелей көрсеткіші. Әйтсе де, бұл пәнді дұрыс қабылдау «дінтану» және «дінтанушы» ұғымдарын анықтаудан басталатынын басып айтқан жөн.

«Дінтану» қандай ғылым? Бұл сұрақтың ең қысқа жауабы – **дінтану** дегеніміз – бұл дінді зерттейтін **ғылым**. Дінтану, қарапайым көпшілік санайтындай, діни білім беру емес және діндарларды дайындау курсы да емес. Дінтануды зерттеу нысанына алған адамға қайсыбір сенімді қабылдау талабы қойылмайды, дінтанушы болу үшін белгілі бір дінді ұстанудың қажеттілігі жоқ. Дегенмен бұл дінді ұстанбау деген емес, діндар адамдар да жақсы дінтанушы бола алатынын айта кету керек: мұндағы басты талап академиялық ғылымның шеңберінен шықпау керек. Адамның діндарлығы объективті көзқараста болуына

кедергі жасамау керек. Дінтанушы болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Дінге қызығушылық танытып, өзін дінтанушы ретінде анықтау аздық етеді. Осы ретте дінтанулық білімді беруші дінтанушыны анықтаудың формальды өлшемдеріне тоқталсақ:

Біріншіден, *кәсіби білімнің болуы* – дінтанушы дінтанулық білім (бакалавр, магистр) алған болуы керек, сондай-ақ ғылыми ізденістері дінтанулық ғылым саласымен байланысты болуы керек (ғылыми дәрежесі); екіншіден, ғылыми, ғылыми-танымдық *журналдарда кәсіби мақалаларымен танымал болуы тиіс*, яғни ғылыми ізденістерінің апробациясын өткізіп тұру керек; үшіншіден, дінтанулық конференциялар, дін мәселесін сараптауға арналған халықаралық, аймақтық деңгейдегі ғылыми іс-шараларға қатысып, *кәсіби баяндамаларын ұсынып отыруы тиіс*; төртіншіден, *дінтанушы ретінде қызмет атқару тиіс*, дінтанушы ретінде қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыруы – дінтанушыға деген сұраныстың деңгейін анықтай түспек. Дінтанушы өзі осы мамандық иесі бола отырып, өзі де осы өлшемдерге сай келетін дінтанушылардың еңбектеріне сілтеме жасап отыруы тиіс. Осылайша біртұтас дінтанулық қауымдастыққа тиесілі екендіктерін дәлелдеп отырады. Қазақстанда дінтанушылар қауымдастығы туралы айта қою әлі ерте. Егер Ресей мысалындағыдай елімізде *кәсіби ассоциациялар ашылса* (мәселен, 2009 жылдан бері Ресейде үш жалпыресейлік дінтанулық ассоциациялар – «Российское объединение исследователей религии», «Российская ассоциация истории мировых религий», «Российское сообщество преподавателей религиоведения» және екі аймақтық – «Московское религиоведческое общество», «Нижегородское религиоведческое общество») қазақстандық дінтанудың бір белесі алынар еді деген пікір айтқымыз келеді. Дегенмен дінтанулық білім саласында бас қосып, ортақ мәселелерді талқылап отыратын конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер қазіргі жоғарыдағы қауымдастықтарға бастама болып отыр. Дінтанулық қауымдастықтар қазіргі дінтанулық білімнің жағдайын, мәселелерін ортаға салып, оларды шешудің жолдарын ұсына алады.

Қазіргі кезде дінтанулық ғылым тәжірибесіне қарасақ, дінтанулық қауымдастықтардың монолитті емес екенін көруге болады. Жеке мектептер мен бағыттар өздерінің бірегей жобаларымен көзге түссе де, белгілі бір тұтастықтың құрамдас бөлігі бола алмады. Олар көп жағдайда дінтанулық ғылымның әрқелкілігіне әкеліп отырды. Дінтанулық қауымдастықтарды біріктіретін нәрсе ол теология мен дін философиясы салаларымен сабақтасуы болды. Дегенмен бұл қауымдастықтарды біріктіруге аса қатты әсер ете алмады. Сондықтан ғылыми конференцияларда ортақ мәселелер көтерілгенмен, ортақ шешім табылмаған кездер басым болды. XX ғ. екінші жартысынан бастап, жаңа дінтанулық парадигманы қалыптастырудың қажеттілігі туды. Ресейлік дінтанушы А.Н. Красниковтың пікірі бойынша, мұндай жаңа парадигма «метадинтану» аясында жасалатын болады, оның зерттеу пәніне діни феномендер, не жеке діндер, жалпы дін мәселесі емес, дінтану тарихы мен теориясы алынады». Бұл жаңа пән дінтанудың ары қарай дамуы үшін аса қажет методологиялық мәселелерді зерттеумен айналысады.

Қазақстанда дінтанулық білім еліміздің бірқатар жоғарғы оқу орындарында беріледі. Солардың ішінен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің *ғылым философиясы және дінтану кафедрасын* ерекше атап өтуге болады. Бұл ұжым Қазақстандағы алғашқы дінтанушылардың қалыптасуына, дінтану ғылымының алғаш рет осы білім ордасында пайда болуына септесті. Бүгінге дін мәселесі бойынша білікті бакалавр, магистр мамандарды дайындаумен айналысып келеді. Алыс, жақын шетелдермен байланыс жасап, студенттер мен оқытушылардың біліктіліктерін шыңдауға ықпалдасып келеді. Қазақстандағы діни жағдай, дінаралық келісім, Қазақстандағы діндер бойынша маман болып табылатын филос.ғ.д., профессор, аталған кафедра меңгерушісі Н.Ж. Байтенованың жетекшілігімен бірқатар ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылып, зерттеу нәтижелері оқу құралдарында көрініс тауып, студенттердің білім алу процесінде кеңінен қолданыс тауып отыр.

Дінтанулық білім беруде жетекші орын алып отырған кафедра Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдау тапқан «Ұлттық қауіпсіздік аясындағы діни

айқындалу мәселелері» (2007-2009 жж.), «Қазақстандағы діндер ұлттық идея контексінде» (2008 ж.), «Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер» (2009 ж.), «Жаңа діни ағымдар және қазіргі Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтау мәселелері» (2009-2011 жж.) ғылыми-зерттеу жобалары бойынша зерттеу жұмыстарын жасап, қоғамда дін мәселесін теориялық деңгейде дамытып келеді.

Кафедра ұжымы студенттерге әр түрлі ғылым саласы бойынша білім беріп, студенттердің болашақ ізденістерін таңдауына септесіп келеді. Атап айтсақ, филос.ғ.д., доцент Ш.С. Рысбекова діни антропология, діни философия, доцент Қ.А. Затов – ежелгі наным-сенімдер, соның ішінде зороастризм бойынша, доцент Б.Қ. Бейсенов, филос.ғ.к. С.Ө. Абжалов, филос.ғ.к. Б.Б. Мейрбаев – ислам, исламдағы бағыттар, ислам экономикасы бойынша, доцент Қ.М. Борбасова – қазіргі жаңа діни ағымдарды зерттеу саласында Қазақстанға танымал мамандар болып саналады. Осы ұжымның дайындауымен бірқатар жинақтар жарық көрді. Атап айтсақ, «Дінтану негіздері», «Қазақстандағы діндер», «Діндердің қысқаша тарихы», «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар», «Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер». Бұл жинақтар тек дінтанушы мамандарға ғана емес, дін мәселесіне қызығушылық білдіріп, әлемдегі діндер туралы білімдерін кеңейткісі келетін әрбір оқырманға арналған және дінтану пәнінің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты – діни сауаттылықты қамтамасыз ету ісінде маңызды болып отыр. Бұлай дейтініміз қазіргі Қазақстанда көпшілікке танымал емес жаңа діни ұйымдардың қаптап кеткені ешкімге жасырын емес. Одан зардап шегіп жатқандар да баршылық. Елдің бірлігіне нұқсан келтіруді көздей отырып, өз әсер ету аралына кеңейте түсуді мақсат ететін жаңа діни ағымдардың көзге көрінбейтін саяси, экономикалық мүдделері де жоқ емес.

Дінге байланысты мұндай проблемалардың шығып отырғаны не себепті. Себебі көп жағдайда қоғам сұранысына лезде жауап қата алмауымызда. Ал бүгінгі таңда ондай қажеттілік маман зәрулігінен туындап отыр. Дінге байланысты ақпарат алғысы келген шақта, ақпараттың қолжетімді болмауы, яғни ақпаратты беруші дінтанушының болмауы мәселелені күрделендіре түседі. Не болмаса, ақпарат көзі бар, бірақ ол – қате ақпарат көзі. Ол өз мүддесін ойлай жүріп, дәстүрлі емес дінге тартушының позициясынан берілетін мәлімет. Сондықтан қоғамда алып отырған мұндай келеңсіз жағдайларды қолға алып, бақылап, реттестіріп отыру әлі кеш емес және мұнда басты назар сапалы білім алған дінтанушы мамандарды дайындау керек және бірен-саран қалаларға ғана жететін емес, біздегі мәселелі оңтүстік, батыс аймақтарға жететіндей мамандар саны керек. Осыған байланысты дінтанушы мамандарды дайындау ісіне қатысты төмендегідей ұсыныстарымыз бар:

- білікті дінтанушыларды дайындау ісіне қолдау көрсету;

- қоғамдық қажеттілікті ескере отырып, дінтанушыларға мемлекеттік гранттарды көбейту;

- жоғары оқу орындарына дінтануды міндетті пән ретінде енгізу.

Дінтану пәнін жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде енгізу діни сауаттылықты арттыруға және дін жолындағы адасудан сақтандырып, діннің біріктіруші қызметін ел мүддесіне пайдалануға көмектесетіні анық.